

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТ САРАПШЫЛАРЫН АТТЕСТАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫМЕН
БЕКІТІЛДІ 1998 жылғы 16 наурыз N 181 Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 1998 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 507. Күші жойылды -
ҚР Әділет министрінің 2005.08.05. N 214 бұйрығымен. V053784

Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы заңын" іске асыру мақсатында
:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы сот сарапшыларын аттестациялау туралы Ереже
б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Сот сараптамасы
орталығында сот сарапшысы біліктілігін беру тәртібі туралы Ереже және
Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот сараптамасы орталығы
жанында сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі біліктілік комиссиясы
қызметінің тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау юстиция Вице-Министрі А.К.
Дауылбаевқа жүктелсін.

МИНИСТР

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Сот сарапшыларын аттестациялау Қазақстан Республикасы "Сот
сараптамасы туралы" Заңының 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Сот сарапшыларының аттестациясы сот сарапшыларының кәсіби
біліктілігінің өсуін бағалау мен ынталандыру мақсатында жүргізіледі.

1.2. Аттестациядан Қазақстан Республикасы сот сараптамасы органдарының
қызметкері болып табылатын сот сарапшылары, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының "Сот сараптамасы туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының
талаптарын орындайтын, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің сот
сараптамасы орталығы жанындағы немесе Қазақстан Республикасы Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің комиссиядан Сот-медицина
орталығы жанындағы біліктілік емтиханын тапсыру нәтижесі бойынша сот
сарапшысы біліктілігі берілген басқа да адамдар өтеді.

1.3. Қазақстан Республикасында сот-сараптама қызметін жүзеге асыру

құқына лицензия алу үшін аттестациядан өту міндетті шарт болып табылады.

1.4. Сот сарапшыларын аттестациядан өткізу үшін Әділет министрінің бұйрығымен Әділет Министрлігінің жанынан Аттестациялық комиссия құрылады, ол тұрақты негізде жұмыс істейді.

1.5. Комиссия құрамына кіретіндер: Қазақстан Республикасының юстиция Вице-Министрі, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Сот сараптамасы орталығының директоры және оның орынбасары, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің Сот медицина орталығы территориялық бөлімшелерінің аттестация өткізілетін жердегі басшылары.

1.6. Аттестацияланатын сарапшылардың материалдарын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Сот сараптамасы орталығы мен Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің Сот медицина орталығы ұсынады.

1.7. Аттестациялық комиссияның Алматы мен Ақмола қаласындағы қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету Әділет министріне, ал облыс орталықтарында облыстық юстиция басқармаларына жүктеледі.

II. АТТЕСТАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Аттестациялық комиссияға мына төмендегі материалдар ұсынылады:

- Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Сот сараптамасы Орталығы директорының немесе Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің Сот медицина орталығы директорының ұсынысы;

- аттестациядан өтушінің кәсіптік дайындық дәрежесін, іскерлігін және адамгершілік қасиетін көрсететін мінездеме;

- нотариус растаған жоғарғы білім туралы дипломның көшірмесі (аттестациядан өтушінің ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы бар болса, онда диплом мен аттестаттың көшірмесі);

- нотариус растаған сот сарапшысы біліктілігін беру туралы куәліктің көшірмесі ;

- ө м і р б а я н ;

- жұмыс орны растаған кадрлардың есебін жүргізудің жеке парағы.

2.2. Осы ұсынылған материалдармен бірге аттестациядан өтушінің соңғы екі жылдағы көтермелеулері мен тәртіптілік жазалары туралы бұйрықтардың көшірмелері, сарапшылық қорытындылардың рецензиялары, сот сараптама орындарының ол туралы қабылданған шешімдері және арыздары туралы мәліметтер қоса ұсынылуы керек. Аттестациялық комиссияның қарауы бойынша аттестациядан өтуші адам туралы қосымша мәліметтер талап етілуі мүмкін.

2.3. Аттестациядан өтуші адам мінездемемен және басқа да материалдармен т а н ы с ы п , қ о л қ о ю ы к е р е к .

2.4. Комиссия материалдарды қарап шығады және тоқсанында бір рет сессия түрінде аттестация өткізеді.

2.5. Аттестациядан өтуші адамның кәсіптік деңгейі, адамгершілік және іскерлік қасиеттері комиссияның мәжілісіне алдын ала дайындық кезінде анықталады.

2.6. Аттестациядан өтуші адамға алдағы болатын аттестация туралы оның басталуынан 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлануы керек.

2.7. Аттестация мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде, аттестациядан өтуші адамның қалауынша өткізіледі.

2.8. Аттестация берілген материалдар бойынша әңгімелесу түрінде өткізіледі.

2.9. Аттестациялық комиссияның мәжілісі, оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болғанда ғана құқылы болады. Мәжілісте хаттама жүргізіледі, онда: мәжілістің уақыты, болған жері, комиссия құрамы, аттестациядан өтуші адамның аты-жөні жүргізілген әңгімелесудің қысқаша мазмұны жазылады. Комиссияның шешімі оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

2.10. Аттестациялық комиссияның шешімі:

- аттестациядан өтті;

- аттестациядан өтпеді деген қорытынды түрде ресімделеді.

2.11. Шешім мен хаттамаларға төрағалық етуші мен комиссия мүшелері қол қояды. Шешіммен келіспеген комиссия мүшесі өзінің пікірін жазбаша түрде беруге құқылы.

2.12. Аттестацияның нәтижесі аттестациядан өтушіге дауыс берілгеннен кейін хабарланады.

2.13. Аттестациялық комиссияның қорытындысы адам аттестациядан өткеннен кейін беріледі.

2.14. Аттестациялық комиссияның материалдары тұрақты сақтауға жататын құжаттар категориясына жатады.

2.15. Аттестациялық комиссияның "аттестациядан өтпеді" деген шешіміне осы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап 10 күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне шағымдануға болады. Сот сарапшысының аттестациядан өту туралы мәселесін қайта қарауға үш ай мерзім өткеннен кейін рұқсат етіледі.

2.16. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын адамдарды аттестациядан қайта өткізу бес жыл өткеннен кейін жүргізіледі.

Басқа адамдарды аттестациядан қайта өткізу сот-сараптама қызметін жүзеге

асыру құқына лицензияның әрекет мерзімі біткеннен кейін жүзеге асырылады.

2.17. Қайта аттестациялау осы Ережеде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

1-қосымша

**Біліктілік комиссиясы мәжілісінің
Х А Т Т А М А С Ы**

(сот-сараптама органының аты)

"__" _____ 199__ ж.

Мәжіліске қатысқандар

егер біліктілік комиссиясының

мәжілісіне оның мүшелері емес мамандар қатысатын болса,

онда хаттамаға олардың аты-жөнімен бірге, жұмыс орны,

лауазымы және мамандығы көрсетіледі Қазақстан Республикасы
Әділет Министрлігінің Сот сараптамасы орталығында сот сарапшысы біліктілігін
берудің тәртібі туралы Ережеге сәйкес Біліктілік комиссиясы: 1

аты-жөні, тегі, лауазымы _____

сараптама түрі, мамандығы _____

сот сарапшысы біліктілігін беру туралы
ұсынысын;

2

мінездемесін;

аты-жөні, тегі, лауазымы 3. _____

жасаған аты-жөні, тегі

бақылау іс-жүргізу немесе сарапшы қорытындысының жобасын қарап шықты

аты-жөні, тегі

Білім деңгейін анықтау үшін

мынандай сұрақтар қойылды:

оларға _____ жауаптар берілді
(дұрыс, дұрыс емес)

Біліктілік комиссиясы шешті:

Іс жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігін _____

берілсін

Сот сарапшысы біліктілігін

беруден қалыс қалу _____
(себебін көрсету)

Комиссия төрағасы:

Хатшысы:

2-қосымша

**Сот сарапшысы біліктілігін беру туралы
куәліктерді беруді тіркеу**

ЖУРНАЛЫ

Рет саны	Куәлік нөмірі	Куәлікті алған адамның аты-жөні, тегі	Куәлік берілген к ү н	Алғандығы жөнінде қ о л ы

3 -

қосымша

СОТ САРАПШЫСЫНЫҢ КАРТОЧКАСЫ

Ф а м и л и я с ы , а т ы - ж ө н і

Б і л і м і

(қандай жоғарғы оқу орнын, қашан бітірді)

Ғ ы л ы м и дә р е ж е с і , а т а ғы

Л а у а з ы м ы

(сот сарапшысы біліктілігін беру кезіндегі)			
Сот-сараптама	ұйымдарындағы	жұмыс	стажы

сарапшылық-біліктілік			
комиссиясының			
199 _ ж. " _ "			
ш е ш і м і м е н		N _____	
х а т т а м а		іс-жүргізу	
қ ұ қ ы ғ ы м е н			
сараптама мамандығы бойынша сот сараптамасы біліктілігі берілді.			
Сарапшылық-біліктілік комиссиясының 199 _ ж. " _ "			

ш е ш і м і м е н			

(қай түрі және қандай мамандықтар бойынша)			
сараптамалар жүргізуге қосымша құқық берілді.			
Сарапшылық-біліктілік комиссиясының 199 _ ж. " _ "			

ш е ш і м і м е н			

(қай түрі және қандай мамандықтар бойынша)			
сараптамалар	жүргізу	құқығы	ұзартылды

байланысты (себептерін көрсету керек)			
199 _ ж. " _ " сараптамалар			
жүргізу құқығынан айырылды.			
Карточканың көлемі 210 x 148 мм.			